ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 17 қыркүйек №2301-24-00-2/2130 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.Р.Балмуханова,
сот отырысының хатшысы А.Кубашева болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық ветеринариялық зертхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Аршин» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі Б.Ә.Кәден

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 06 наурызда тараптар арасында көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы №010241002149/240026/00 шарт (келесіде – Шарт) жасалған.

Шарт бойынша жауапкер тапсырыс берушіге өлшеу құралдарын сенімдеу бойынша қызметтерді өтініш берілген күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде орындауға міндеттеме алған.

Талап қоюшымен сотқа табыс етілген үзіндіге сәйкес қызмет көрсетуді сұраған тапсырыс 2024 жылғы 04 маусымда жауапкерге жеткізілген, яғни қызмет 25 маусымға дейінгі мерзімде көрсетілуі тиіс болған.

Талап қоюшы сотқа талап қойып, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған. Талап қою талабының негізі ретінде талап қоюшы жауапкердің тараптар арасында жасалған шарт бойынша қызметтерді көрсетпегенін, жауапкер өз міндеттемелерін орындамағанын көрсеткен.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі талап қоюды қуаттап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкермен талапқа қарсы пікір жолданбаған.

Сот отырысының орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабарланған жауапкер сотқа келген жоқ, келмеуі себептерінің дәлелділігі жөнінде сотқа мәлімет берген жоқ және істі өзінің қатысуынсыз қарауды немесе сот отырысын кейінге қалдыруды өтінген жоқ.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің (әрі қарай – АПК) 196-бабының 4-бөлігін басшылыққа алып, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (келесіде – АК) 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы заңда көзделген мерзімде сотқа тиісті талап қоюмен жүгініп, міндетін орындаған.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған, яғни талап қоюшы шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылған.

Мұндай жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабын сот негізді деп таниды және ол қанағаттандырылуға жатады.

Жауапкерден АПК-нің 117-бабының талабына сәйкес, мемлекет кірісіне 1846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 196, 117, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 22.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 23.10.2024, судья Балмуханова А. Р., 28.10.2024

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық ветеринариялық зертхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Аршин» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Аршин» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Аршин» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья **А.Р.Балмуханова**

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 22.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 23.10.2024, судья Балмуханова А. Р., 28.10.2024

2301-24-3-1/2267